

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 53 Қаулысы

Ескерту. 2-тармақты қоспағанда қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 N 938 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелері қолданыстағы заңнамада белгіленген штат санының лимиті шегінде оларды Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелеріне және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аумақтық органдарына (бұдан әрі - Комитеттің аумақтық органдары) бөлу жолымен.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мемлекеттік мекемелері Комитеттің құрылатын аумақтық органдарына штат санының бір бөлігін беруді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Өрт сөндіруші" республикалық мемлекеттік кәсіпорны одан Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазавиақұтқару" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - "Қазавиақұтқару" РМК) бөлу жолымен;

"Қазавиақұтқару" РМК қызметінің негізгі мәні республикалық және жергілікті инфрақұрылымдардың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі саласындағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін;

3) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мемлекеттік мекемелері оларды облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдарымен "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" ММ) қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен (бұдан әрі - Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті) бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметі мемлекеттік мекемелерінің мүлкін "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" ММ-ге беруді қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Төтенше жағдайлар кезінде штабтар жұмысын ұйымдастыру жөніндегі" мемлекеттік мекемесінің "051 құтқару қызметі" (Қызылорда қаласы), Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар басқармасы жанындағы "Жедел құтқару жасағы" және "Облыстық "Құтқару орталығы" (Шымкент қаласы), сондай-ақ

жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын таратылатын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары мен коммуналдық мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі - коммуналдық заңды тұлғалар) - аумақтық авариялық құтқару қызметтері мүлкінің базасында қолданыстағы заңнамада белгіленген штат санының лимиті шегінде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің жедел құтқару жасақтары - мемлекеттік мекемелері құрылсын.

Тиісті облыстардың, қалалардың әкімдіктері Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі "Төтенше жағдайлар кезінде штабтар жұмысын ұйымдастыру жөніндегі" мемлекеттік мекемесінің "051 құтқару қызметі" (Қызылорда қаласы), Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар басқармасы жанындағы "Жедел құтқару жасағы" және "Облыстық "Құтқару орталығының" (Шымкент қаласы), сондай-ақ осы қаулының 3-қосымшасында көрсетілген олар тарататын коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің ведомстволық бағынысты ұйымдары мен кейбір төтенше жағдайлар аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелері 4-қосымшаға сәйкес қайта аталсын.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер агенттігінің "Резерв" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің "Резерв" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) болып қайта аталсын.

5. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 40, 523-құжат):

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мемлекеттік мекемелерінің тізбесі;

5) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті мемлекеттік мекемелерінің тізбесі";

осы қаулының 5 және 6-қосымшаларына сәйкес қосымшалармен толықтырылсын.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

7. Осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

15. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі Астана қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі мыналарға бөліну жолымен:

1) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы;

2) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті Астана қаласының Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы.

16. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі Алматы қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі мыналарға бөліну жолымен:

1) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы;

2) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті Алматы қаласының Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 25 қаңтардағы
N 53 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі

Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. "Алматы қаласы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бас басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы.

2. "Астана қаласы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бас басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы.

3. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі Шығыс Қазақстан облысының Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бас басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Өскемен қаласы.

4. "Қарағанды облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бас басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Қарағанды қаласы.

5. "Қостанай облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бас басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Қостанай қаласы.

6. "Оңтүстік Қазақстан облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметі" мекемесі, Шымкент қаласы.

7. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі Ақмола облысының Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Көкшетау қаласы.

8. "Алматы облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметі" мемлекеттік мекемесі, Талдықорған қаласы.

9. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі Ақтөбе облысының Мемлекеттік өртке қарсы қызметі" мемлекеттік мекемесі, Ақтөбе қаласы.

10. "Атырау облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Атырау қаласы.

11. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі Жамбыл облысының Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Тараз қаласы.

12. "Батыс Қазақстан облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Орал қаласы.

13. "Қызылорда облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы.

14. "Маңғыстау облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Ақтау қаласы.

15. "Павлодар облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Павлодар қаласы.

16. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі Солтүстік Қазақстан облысының Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Петропавл қаласы.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
министрлігінің құрылатын жедел құтқару жасақтарының -
мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. "Ақтөбе облысының "05 құтқару қызметі" мемлекеттік мамандандырылған мекемесінің базасындағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақтөбе қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Ақтөбе қаласы.

2. "Екібастұз қаласы әкімінің жанындағы құтқару қызметі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны базасындағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Екібастұз қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Екібастұз қаласы.

3. "Қарағанды қаласы әкімінің жанындағы "Жедел ден қою қызметі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны базасындағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Қарағанды қаласы.

4. "Төтенше жағдайлар кезінде штабтардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі" мемлекеттік мекемесінің "051 құтқару қызметі" базасындағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы.

5. "Павлодар қаласы әкімінің жанындағы құтқару қызметі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны базасындағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Павлодар қаласы.

6. "Жамбыл облысы әкімінің құтқару қызметі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны базасындағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Тараз қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Тараз қаласы.

7. "Облыстық жедел құтқару жасағы - "051 құтқару қызметі" мемлекеттік мекемесінің базасында "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Орал қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Орал қаласы.

8. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар басқармасы жанындағы "Жедел құтқару жасағы" және "Облыстық "Құтқару орталығы" базасындағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
министрлігінің қарамағындағы қайта аталатын
мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.04.06 N 421 Қаулысымен.

Мемлекеттік мекемелер

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің 28237-әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 28237-әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесіне, Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы.
2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің 68303-әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 68303-әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесіне, Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы.
3. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің 52859-әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 52859-әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесіне, Қарағанды қаласы.
4. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Көкшетау техникалық институты" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетау техникалық институты" мемлекеттік мекемесіне, Көкшетау қаласы.
5. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесіне, Астана қаласы.
6. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Шығыс өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Шығыс өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесіне, Өскемен қаласы.
7. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Солтүстік өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Солтүстік өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесіне, Қостанай қаласы.
8. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Оңтүстік өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Оңтүстік өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесіне, Қызылорда қаласы.
9. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Батыс өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Батыс өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесіне, Атырау қаласы.
10. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Орталық өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Орталық өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесіне, Астана қаласы.
11. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесіне, Алматы қаласы.
12. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің республикалық жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің республикалық жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесіне, Алматы қаласы.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс саласындағы басшы құрамның біліктілігін арттыру республикалық курсы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс саласындағы басшы құрамның біліктілігін арттыру республикалық курсы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына, Алматы қаласы.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Есептеу техникасы, телекоммуникация, ақпараттандыру және жағдайды талдау жөніндегі орталығы" (шаруашылық жүргізу құқығында) республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Есептеу техникасы, телекоммуникация, ақпараттандыру және жағдайды талдау жөніндегі орталығы" (шаруашылық жүргізу құқығында) республикалық мемлекеттік кәсіпорнына, Астана қаласы.

3. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.04.06 N 421 Қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Селденқорғау құрылыс" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Селденқорғау құрылыс" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына, Алматы қаласы.

5. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғаныстың арнайы ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғаныстың арнайы ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына, Алматы қаласы.

6. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Қазақстан Республикасы тау-кен құтқарушыларының ғылыми-инженерлік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Қазақстан Республикасы тау-кен құтқарушыларының ғылыми-инженерлік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына, Қарағанды қаласы.

7. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Өнеркәсіптік қауіпсіздік проблемалары жөніндегі ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы" (шаруашылық жүргізу құқығында) республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Өнеркәсіптік қауіпсіздік проблемалары жөніндегі ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы" (шаруашылық жүргізу құқығында) республикалық мемлекеттік кәсіпорнына, Астана қаласы.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің

қайта аталатын кейбір төтенше жағдайлар аумақтық

органдарының - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Талдықорған қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Талдықорған қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Талдықорған қаласы.

2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Риддер қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Риддер қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Риддер қаласы.

3. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Зырян қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Зырян қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Зырян қаласы.

4. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Семей қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Семей қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Семей қаласы.

5. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Өскемен қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өскемен қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Өскемен қаласы.

6. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Жезқазған қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жезқазған қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Жезқазған қаласы.

7. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Балқаш қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Балқаш қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Балқаш қаласы.

8. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Арқалық қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Арқалық қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Арқалық қаласы.

9. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Екібастұз қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Екібастұз қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, Екібастұз қаласы.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің қайта аталатын аумақтық органдарының - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Атом-энергетикалық кешенінде қауіпсіз жұмыстар жүргізуді қадағалау облысаралық мемлекеттік инспекциясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің Атом-энергетикалық кешенінде қауіпсіз жұмыстар жүргізуді қадағалау облысаралық мемлекеттік инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне, Степногор қаласы.

2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің Қазақстан Республикасының теңізінде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларының қауіпсіз жүргізілуін қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің Қазақстан Республикасының теңізінде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларының қауіпсіз жүргізілуін қадағалау мемлекеттік инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне, Атырау қаласы.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің қарамағындағы қайта аталатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Өрт сөндіруші" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Өрт сөндіруші" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына, Астана қаласы.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Ақ Берен" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің "Ақ Берен" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына, Атырау қаласы.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Көмір" әскерилендірілген авариялық құтқару қызметі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің "Көмір" әскерилендірілген авариялық құтқару қызметі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына, Қарағанды қаласы.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Құтқарушы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің "Құтқарушы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына, Тараз қаласы.

5. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігінің "Кен" әскерилендірілген авариялық құтқару қызметі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің "Кен" әскерилендірілген авариялық құтқару қызметі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына, Өскемен қаласы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 25 қаңтардағы
N 53 қаулысына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1112 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар

министрлігінің республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Көкшетау қаласы.
2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Ақтөбе қаласы.
3. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Талдықорған қаласы.
4. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Талдықорған қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Талдықорған қаласы.
5. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Атырау облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Атырау қаласы.
6. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Өскемен қаласы.
7. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Риддер қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Риддер қаласы.
8. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Зырян қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Зырян қаласы.
9. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Семей қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Семей қаласы.
10. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өскемен қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Өскемен қаласы.
11. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Тараз қаласы.
12. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Орал қаласы.
13. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Қарағанды қаласы.
14. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жезқазған қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Жезқазған қаласы.
15. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Балқаш қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Балқаш қаласы.
16. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы.
17. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Қостанай қаласы.
18. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Арқалық қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Арқалық қаласы.
19. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Ақтау қаласы.
20. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Павлодар қаласы.
21. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Екібастұз қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Екібастұз қаласы.
22. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Петропавл қаласы.
23. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Шымкент қаласы.
24. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы.

25. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы.
26. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 28237-әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Алматы облысы, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы.
27. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 68303-әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Алматы облысы, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы.
28. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 52859-әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Қарағанды қаласы.
29. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетау техникалық институты" мемлекеттік мекемесі, Көкшетау қаласы.
30. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы.
31. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Шығыс өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Өскемен қаласы.
32. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Солтүстік өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Қостанай қаласы.
33. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Оңтүстік өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы.
34. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Батыс өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Атырау қаласы.
35. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Орталық өңірлік аэромобильді жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы.
36. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы.
37. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің республикалық жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы.
38. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақтөбе қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Ақтөбе қаласы.
39. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Екібастұз қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Екібастұз қаласы.
40. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Қарағанды қаласы.
41. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы.
42. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар қаласы жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Павлодар қаласы.
43. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Тараз қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Тараз қаласы.
44. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Орал қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Орал қаласы.
45. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының жедел құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесі, Шымкент қаласы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 25 қаңтардағы
N 53 қаулысына
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
N 1112 қаулысымен
бекітілген

17. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызмет мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы.

18. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің Атом-энергетикалық кешенінде қауіпсіз жұмыс жүргізуді қадағалау облысаралық мемлекеттік инспекциясы" мемлекеттік мекемесі, Степногор қаласы.

19. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің Қазақстан Республикасының теңізінде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларының қауіпсіз жүргізілуін қадағалау мемлекеттік инспекциясы" мемлекеттік мекемесі, Атырау қаласы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 25 қаңтардағы
N 53 қаулысына
7-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 481 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 15, 154-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 40 қаулысы 5-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 1-2, 11-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі мен Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі мемлекеттік мекемелерінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N 300 қаулысы 4-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 12, 162-құжат).

4. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 111 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 3, 31-құжат).